ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша

№1 педагогикалық кеңес

Уақыты	**27 тамыз 2024 жыл**
Тақырыбы	«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»
Мақсаты	МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.
Күн тәртібі	Бастапқы Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру» Күн тәртібі: 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы 3. Бақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну 4. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту 5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 7. Ағымдағы мәселелер: ➢ Оқу жұмыс жоспары ➢ бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту ➢ Өзіндік білім көтеру тақырыптары; ➢ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі; ➢ Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы; ➢ Топ балалар тізімдері; ➢ Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту; ➢ Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді анықтау ➢ Әдістемелік кеңес құрамын бекіту;

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша
Педагогикалық кеңес
Хаттамасы №1

27 тамыз 2024 жыл

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Ембергенова- меңгеруші
Педагогикалық кеңес хатшысы: А.Мырзашева- тәрбиеші
Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»
Мақсаты: МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.
Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау (меңгеруші А.Ембергенова)
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (әдіскер З.Берікқызы)
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын ұйымдастыруды талқылау және бекіту (әдіскер А .Матенова)
4. Бөбекжайдың сараптау және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту (меңгеруші А.Ембергенова)
5. Тілдер туралы Заңының орындалысы жоспарын бекітуге ұсыну және Тілдер мерекесін атап өту (тәрбиеші З.Берікқызы)
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
7. Ағымдағы мәселелер:

- Оқу жұмыс жоспары
- бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту
- Өзіндік білім көтеру тақырыптары;
- Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
- Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы;
- Топ балалар тізімдері;
- Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту;
- Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді анықтау

➢ Әдістемелік кеңес құрамын бекіту;

І ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі А.Ембергенова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрайымын меңгеруші А.Ембергенова, тәрбиешілер А.Матенова, З.Берікқызы, Ж.Елеусізова, хатшы А.Мырзашеваны сайлауды ұсынды.
Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.
ІІ ТЫҢДАЛДЫ. Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).
СӨЙЛЕДІ: әдіскер З.Берікқызы бөбекжайдың жаз мезгіліндегі сауықтыру іс-шаралары жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 31-мамырдағы №5 хаттамалық шешімімен ұсынылған Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері басшылыққа алынды. Ол дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырады. Соның ішінде, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделген. Сондықтан жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық беріліп және «ойын арқылы оқыту» қағидасын негізге алынды. Жазғы сауықтыру кезеңінде бес білім беру дағдылары бойынша жүргізілетін жұмыс бағыттары айқындалып, сол бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде, балалардың жыл бойы алған білімдері пысықталып, баланың денсаулығы нығайып және ағзаның суық тию сырқаттарына қарсы тұру қабілеттілігі артты. Баланың қоршаған ортасында эмоционалдық жайлылық қалыптасты, балалардың қарым-қатынаста белсенділігі, бастамашылдығын қолдау арқылы өзіне деген сенімділігі нығайды, әдептілікке үйрету арқылы эстетикалық мәдениет және экологиялық тәрбие негіздері қалыптасты, балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда педагогтер мен ата-аналардың жауапкершілігі артты.

Жаз мезгіліндегі жазғы сауықтыру жоспары бойынша медбике: Ж.Бектібаева жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізілді, әдіскер тарапынан басшылыққа алынады. Ата-аналарға жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берілді. Барлық ұйымдастырылған жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды,-деді. Сонымен қатар өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіге салынып сілтемелері білім бөлімінің тапсырмасы бойынша жіберіліп отырды.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: бақша әдіскері А.Матенова жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті. Жылдық жоспардың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Тәжірибе көрсеткендей тәрбиешілер балалармен жұмысты қатаң жоспарлауға дағдыланған. Алайда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жеке тұлғаға бағытталған тәсіл әр баланың жеке тәжірибесі мен бүкіл топтың мүдделерін ескере отырып, жоспарлаудың жаңа форматын қажет етеді. Перспективалық жоспарға негізделген білім беру қызметін жоспарлау шығармашылық үшін көбірек мүмкіндіктер, мазмұнды таңдауда белгілі бір еркіндікті қамтамасыз етеді. Балалардың мүдделері өзгеретін дамушы орта арқылы сақталады. Топтағы әр бала өзін жайлы және сенімді сезінеді, бастама, еркіндік алады және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ғана емес, жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктері де ескеріледі.

Жоспарлау форматының артықшылықтары.

Тәрбиеші үшін:

- Шығармашылық үшін еркіндігі бар, бағдарламалық тапсырмаларға қатаң байланбаған.
- Мұнда және қазір әрекет етеді, тек оның мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге белгілі бір баланың мүдделеріне де назар аударады.
- Жағдай бойынша таңдайтын және қолданатын әдістер, технологиялар мен әдістердің арсеналы бар.
-Бірлескен жоспар құру процесінде балалардың мүдделерін, олардың әртүрлі салалардағы білімдерін анықтайды, коммуникативтік дағдылардың қалыптасуын, дербестігін, бастамашылдығын бағалайды

Балалар үшін:

- Білім беру қызметін жоспарлауға белсенді қатысады, өз мүдделерін және таңдау құқығын іске асырады.
-Бастама, дербестік танытады.
- Командада жұмыс істеу тәжірибесіне ие болады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, өзінің мінез-құлқын реттеуге үйренеді.
- Өз тәжірибесін талдауды үйренеді және білімді өзектендіреді.

- Жоспардың орындалуын дербес тексере алады.
Топ тәрбиешісі қызметінің алгоритмі:
Күнді немесе бірлескен іс-әрекетті бірлесіп жоспарлау таңертеңгі топтық жиыннан басталады. Тәрбиеленушілер тәрбиешімен бірге кілемде шеңбер бойымен орналасады. Неліктен кілемде? Мұндай қарым-қатынас балаларды босатады және олардың бірлік сезімін қалыптастыруға көмектеседі, олардың командада, бірыңғай білім беру процесінің қатысушылары екенін түсінуге мүмкіндік береді. Тәрбиеші уақытты өз бетінше жоспарлайды, әдетте бұл таңғы ас алдында немесе таңғы астан кейін болуы мүмкін. Тәрбиеші балалармен кездесуге қуанышты екенін білдіреді. Ол демалыс күндерін қалай өткізгенін немесе жаңа және қызықты нәрсе туралы әңгімелейді. Содан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. Қазіргі уақытта тәрбиеші үшін басты Нұсқаулық – балалардың мүдделері. Балалардың таңдалған тақырып бойынша білім деңгейін анықтау және оларға не қызықтыратынын білу үшін тәрбиеші үш сұрақ моделін қолданады: «Мен не білемін?», «Мен не білгім келеді?», «Мұны қалай білуге болады?». Барлық балалардың әңгімеге қатысып, сұрақтарға жауап беруі маңызды. Осы технологияның көмегімен тәрбиеші балаларға өздерін қызықтыратын ақпаратты алу жолдарын таңдауға көмектеседі және олармен бірге алдағы жұмыстың мүмкін формаларын талқылайды.
Тәрбиеші балалардың сөздерін сөзбе-сөз жазады және әр сөйлемде олардың аттарын көрсетеді. Бұл ақпарат анықтауға мүмкіндік береді:
* балалар не біледі және нені білгісі келеді;
* олардың мүдделерінің бағыты қандай;
* жақын арада балалар не істейді;
* қандай нәтижелер күтуге болады;
* қандай материалдар қажет болады.
Осылайша, таңертеңгі топтық жиын барысында мектеп жасына дейінгі балалар өздері үшін қызықты іс – әрекеттерді және оны қалай жүзеге асыратындарын, не істейтіндерін өздері таңдайды. Бірлескен талқылауға қатысу оларды таңдау жасауға ғана емес, сонымен қатар қиялды, тапқырлықты көрсетуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы сәтте барлық балалар білім беру жағдайына қатысады, - деді.
Қаулы етті: Балабақшаның жылдық жоспары бекітілсін.
іске асырылды, -деді.
V ТЫҢДАЛДЫ: Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту
СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші А.Мырзашева Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындады: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының

Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде бұйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тілдер туралы» Заңға сәйкес бөбекжайдағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және бөбекжайдың барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Балабақшаның педагогикалық ұжымы жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді қатысады. Педагогтар газетке, журналға орыс тілінде де, мемлекеттік тілде де жазылады. Күн сайын балабақшаның барлық топтарында Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. Патриоттық тақырыптағы іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. «Тілдер туралы Заңды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және орындалуда. Тілдер күнін атап өту бойынша жоспар жасалынды,-деп жоспарды бекітуге ұсынды.
Қаулы етті: Тілдер күнін атап өту жоспары бекітілсін.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай әдіскері А. Матенова сөз алды. Биыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен өзгертіліп, бекітілген бойынша болады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Негізгі міндеттері, әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Мектепке дейінгі ұйым мекемелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады,

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша жүзеге асады:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Балалардың дағдыларын қалыптастыру және дамыту келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы іске асырылады:
1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты(кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио

шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б.мүмкіндік беріледі.

Тәрбиешілерге ұсынылады:

- кітап бұрышын жасау;
- кітап бұрышын толықтыруға ата-аналарды тарту;
- кітапты уақытша пайдалануға үйге беру;
- кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.

Сонымен бірге, топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі болмайды. Кесте мамандарға жасалады. Циклограмма, перспетивалық жоспардың үлгісі ұсынылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады.«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады. Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап,түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру. Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.
Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.rc-dd.kz сайтында қолжетімді болады, қарап, танысып, жұмыста пайдаланыңыздар,-деді.

VII ТЫҢДАЛДЫ Балабақша меңгерушісі А.ЕмбергеноваҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығымен енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы туралы айтып өтті.
Бағдарламаға сәйкес түсіндірме жұмыстарын айтып өтті.
Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі А.Ембергенова ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, басылымдарға мақалалар беру, әр түрлі деңгейдегі сайыстарға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты. 2023-2024 оқу жылында 3 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті, 6 педагог 2024-2025 оқу жылына жоспарланып отырылғанын айтты.

Балабақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер А.Матенова, хатшысы А.Мырзашева, Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты.
2024-2025 оқу жылында балабақшаға 98 бала қабылданып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітуге ұсынды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кең түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: Меңгеруші әдіскерлер:

3. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

4. Тілдер туралы Заңының орындалысы бойынша жауапты тұлға бекітілсін. Тілдер күніне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай өткізілсін.

Мерзімі: 1-3 қыркүйек

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

5. Әкімшілік және өндірістік жиналыс жоспары бекітіліп, мерзімінде өткізілсін.

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығымен енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспарға енгізіліп жыл бойына жұмыс жүргізілсін

Педкеңес төрайымы **А.Ембергенова**

Педкеңес хатшысы **А.Мырзашева**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша
Педагогикалық кеңес
хаттамасы №2

19 желтоқсан 2024 жыл

Педкеңес төрағасы: А.Ембергенова- меңгеруші
Педкеңес хатшысы: А.Матенова- тәрбиеші
Тақырыбы: «Тұтас педагогикалық үдерісті құру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік-патриоттық әлеуетін жан-жақты дамыту, азаматтыққа тәрбиелеу үшін жағдай жасау»
Мақсаты: Педагогтердің оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру. Оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру
Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы. Меңгеруші А.Ембергенова

2. «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру», «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыптарындағы тақырыптық тексеру қорытынды анықтамасы. Әдіскер З.Берікқызы, тәрбиеші Г.Абенова
4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі». Музыка жетекшісі Р.Сарманова
5. «Менің шұғылалы әлемім» психологиялық тренинг. Тәрбиеші Ж.Елеусізова
6. Ағымдағы мәселелер. Меңгеруші А.Ембергенова

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
СӨЙЛЕДІ: «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы меңгерушісі А.Ембергенова бөбекжай бақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес тәрбиеленушілермен және ата-аналармен жоспарланған жұмыстар жүргізілуде. Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітіліп, атестаттаудан өтетін педагогтармен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, топтрдың күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітіліп, ай сайын циклограмма толтырылып, циклограммаға сәйкес күн тәртібі орындалуда. Тілдер күніне, қарттар күніне, ұстаздар күніне күз мерекесіне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай мерекелік шаралар өткізілді.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ. «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру», «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыптарындағы тақырыптық тексеру қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: балабақша әдіскері З.Берікқызы «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру», «Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тәрбиешінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында бақылау жүргізілді. Бақылаудың мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша тәрбие-білім беру жұмысының деңгейін анықтау, мектеп жасына дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау; Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын (жобалық оқыту әдісі) практикаға енгізу арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық тәрбиелеу жөніндегі жұмыстың сапасын айқындайтын себептер мен факторларды анықтау болатын. Тақырыптық тексеру ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу және үздіксіз тікелей білім беру қызметін талдау, тәрбиешілердің режимдік сәттерді орындау сапасын бақылау, балалардың өзіндік іс - әрекеті, күнтізбелік жоспарларды талдау, тәрбиешілермен әңгімелесу, топтағы материалдық база мен даму ортасын тексеру түрінде жүргізілді.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде мыналар анықталды:

- бөбекжайдың барлық топтары мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың патриоттық қызметін ұйымдастырады.
- тәрбиешілер балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстырады. Барлық топтарда мектеп жасына дейінгі балаларды қала, өз ауылы, туған жері және оның көрікті жерлерімен таныстыру үшін материалдар жинақталған; қазіргі және өткен; қазақстанның - мәдениет, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, символизм; Ұлттық мерекелерімен таныстырылды. Қаралған ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдай отырып, балалардың мәлімделген тақырыптар бойынша белгілі бір білімі бар екенін атап өтуге болады. Барлық қаралған ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткен тақырыптарды жинақтау және бекіту бойынша болды. Балалар қонақта, қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін біледі және атайды. Сөйлеуде сыпайы сөздерді, сөйлеу бұрылыстарын қолданады, сыпайы түрде өтініш жасай алады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. Баланы азаматтық-патриоттық тәрбиелеу-болашақ азаматты қалыптастырудың негізі. Қазіргі уақытта патриотизмді тәрбиелеу міндеті өте күрделі. Патриоттық сезім өздігінен пайда болмайды. Бұл ерте жастан бастап адамға ұзақ мақсатты тәрбиелік әсер етудің нәтижесі. Я.А. Каменский, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский сияқты педагогиканың классиктері өз еңбектерінде патриоттық тәрбие тақырыбын көтерді. Л. Н. Толстой, К.Д. Ушинский, Е.И. Водовозова балаларда патриотизмді мектеп жасына дейінгі кезден бастау керек деп есептеді. К. Д. Ушинский тәрбие жүйесі халықтың тарихынан, оның материалдық және рухани мәдениетінен туындайтынын айтты. Патриоттық тәрбие процесінде мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық үлкен рөл атқарады.

Сабақтастық ұғымы кеңінен түсіндіріледі – әр жас кезеңіне ортақ және нақты мақсаттары бар баланы тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі, яғни. - бұл

дамудың әртүрлі кезеңдері арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге көшу кезінде бүтін немесе жеке сипаттамалардың белгілі бір элементтерін сақтаудан тұрады.

"Мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу" тақырыбы бойынша білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастыру модельдерін әзірлеу және сынақтан өткізу мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сабақтас дамуына ықпал етеді,-деді.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың рөлі»

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі Р.Сарманова Мектепке дейінгі жас – баланың жалпы дамуының негізі, барлық жоғары адами принциптердің бастапқы кезеңі. Мектеп жасына дейінгі балалардың моральдық-патриоттық тәрбиесіндегі музыканың рөлін асыра бағалау мүмкін емес. Мерекелер мен ойын-сауық ортасы балаға өзінің эмоцияларын айқын шығаруға, өзі тұратын Отанның бұрышына деген сүйіспеншілігін білдіруге көмектеседі. «Музыка-адам өмірінің қажетті рухани атрибуты», - деді Аристотель.

Адамгершілік-патриоттық тәрбиенің мәні-балалардың жан дүниесінде туған табиғатқа, туған үйіне және отбасына, туыстары мен жақындарының, отандастары деп аталатын адамдардың еңбектерімен құрылған елдің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік тұқымын себу және өсіру.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда қолданылатын музыкалық және ауызша халық шығармашылығы қарапайым, бейнелі, әуезді, сондықтан балалар оларды тез үйренеді. Әндердің интонациялық қасиеттері балаларға оларды жас кезінде де, үлкен жаста да қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әндер кішкентай балаларда алғашқы ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Би қимылдарын, сахналарды, дөңгелек билерді, билерді үйрену үшін халық музыкасының алуан түрлілігі кеңінен қолданылады. Осылайша, балаларды өз халқының мұрасымен таныстыра отырып, біз оларда ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелейміз. Бұл бағыттағы келесі кезең-Отан бейнесімен танысу кезінде музыканы қолдану. Мектеп жасына дейінгі бала үшін Отан – Ана, оның айналасындағы жақын туыстары. Баланың бала кезінен не көретініне және еститініне оның санасының қалыптасуы және айналасындағыларға деген көзқарасы байланысты. Мектеп жасына дейінгі баланың адамгершілік тәрбиесі-бұл ең алдымен анаға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. Көптеген адамдар үшін бұл «ана» сөзі ең жақсы. Барлық балалар аналарын жақсы көреді. Ана туралы әндер балалар репертуарына тұрақты түрде кірді. Туған табиғатқа деген сезім-патриотизмнің тағы бір шарты. Бұл туған табиғатқа тәрбиелеу және мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық сезімдерін дамыту қажет. Себебі табиғи құбылыстар мен заттар баланың музыкалық қабылдауы үшін түсінікті. Музыкалық бағдарламаның репертуарында балаларға жақсы таныс жануарлар мен құстардың бейнелерін бейнелейтін көптеген музыкалық шығармалар бар. Балалар бұл бейнелерді экспрессивті қимылдар арқылы үлкен қуанышпен жеткізеді.

Тақырыптық мерекелер (күз, қыс, көктем) балалардың назарын музыкада көрінетін белгілі бір құбылыстарға бағыттайды, қоршаған әлемнің нақты

бейнелерін музыкалық шығармалардың көркем бейнелерімен салыстыру қабілетін дамытады. Туған табиғатпен қуанышты кездесудің бұл атмосферасы баланың есінде ұзақ уақыт сақталады, оның азамат және патриот ретінде санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Адамгершілік-патриоттық тәрбие аясында «Отан қорғаушы» тақырыбы ерекше маңызға ие. Әскери тақырыптағы әндер балаларға оңай есте қалады. Марш жанрында жазылған әндер әсіресе танымал. Мұндай әндердің мазмұны балалардың Отанымыздың қорғаушылары сияқты күшті және батыл болуға деген ұмтылысына сәйкес келеді. Балалар патриоттық билерді қуана орындайды, түрлі қайта құруларды орындайды.

IV. ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: балабақша меңгерушісі А.Ембергенова алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті. Жылдық жоспарға сәйкес ата-аналармен ашық есік күнін ұйымдастыру, аудандық білім бөлімінің тапсырмасына сәйкес балабақшалар арасында «Жаңа модельге бағытталған жаңа бастамалар» тақырыбында жоба берілгендігін жобаға барлық педагогтардың қатысуын, тәрбиеленушілердің қатысуын ұйымдастыру туралы айтып өтті.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіру және әртараптандыру, практикалық қызметте осы бағыттың оң тәжірибесін анықтау және пайдалану. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша ұйымдастыру жұмыстары жандандырылсын.

Жауапты: барлық педагогтар.

Мерзімі-тұрақты

2. Оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде:

- азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша іс-шараларды жүргізуді жалғастыру;
- балалармен жұмыста әртүрлі педагогикалық, ақпараттық технологияларды, мультимедиа, интернет, сондай-ақ деректі, көркем-тарихи фильмдерді пайдалану;

3. Патриоттық тәрбие музыка іс-әрекетінде іске асыру жалғастырылсын.

Педкеңес төрайымы **А.Ембергенова**

Педкеңес хатшысы **А.Матенова**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша
Педагогикалық кеңес
хаттамасы №3

18 наурыз 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: А.Ембергенова- меңгеруші
Педкеңес хатшысы: А.Матенова- тәрбиеші
Тақырыбы: «Бөбекжай мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»
Мақсаты: Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.
Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі
Тәрбиеші: Берікқызы З
2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы
Тәрбиеші:Матенова Айнұр .
3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу
Тәрбиеші: Аппасова Толқын.
4.«Мектеппен сабақтастық: «Бастауышпен көпір» жобасы
Тәрбиеші: Елеусізова Жансая
5. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату»

Тәрбиеші: Аббасова Г.

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша тәрбиеші Берікқызы Зинат **Сөйледі:**Тақырыптық тексеру ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу және үздіксіз тікелей білім беру қызметін талдау, тәрбиешілердің режимдік сәттерді орындау сапасын бақылау, балалардың өзіндік іс - әрекеті, күнтізбелік жоспарларды талдау, тәрбиешілермен әңгімелесу, топтағы материалдық база мен даму ортасын тексеру түрінде жүргізілді.
Жүргізілген бақылау нәтижесінде мыналар анықталды:
- бөбекжайдың барлық топтары мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың патриоттық қызметін ұйымдастырады.
- тәрбиешілер балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстырады. Барлық топтарда мектеп жасына дейінгі балаларды қала, өз ауылы, туған жері және оның көрікті жерлерімен таныстыру үшін материалдар жинақталған; қазіргі және өткен; қазақстанның - мәдениет, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер,

символизм; Ұлттық мерекелерімен таныстырылды. Қаралған ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдай отырып, балалардың мәлімделген тақырыптар бойынша белгілі бір білімі бар екенін атап өтуге болады. Барлық қаралған ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткен тақырыптарды жинақтау және бекіту бойынша болды. Балалар қонақта, қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін біледі және атайды. Сөйлеуде сыпайы сөздерді, сөйлеу бұрылыстарын қолданады, сыпайы түрде өтініш жасай алады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша білім беру қызметін қазіргі заманғы білім берудің бастапқы деңгейімен сабақтастықты жүзеге асыру жағдайында ұйымдастыру. Баланы азаматтық-патриоттық тәрбиелеу-болашақ азаматты қалыптастырудың негізі. Қазіргі уақытта патриотизмді тәрбиелеу міндеті өте күрделі. Патриоттық сезім өздігінен пайда болмайды. Бұл ерте жастан бастап адамға ұзақ мақсатты тәрбиелік әсер етудің нәтижесі«Бөбекжай мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметке бейімделуіне жағдай жасау. Бұл бағытта бөбекжай, ата-ана және мектеп арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық – бала тәрбиесінің табысты болуына негіз.Ынтымақтастықтың маңызы Баланың ортаға бейімделуі тек балабақша ішіндегі жұмыс арқылы ғана емес, отбасымен және болашақ мектеппен тығыз байланыс жасау арқылы жүзеге асады.

Бірлескен іс-шаралар, ашық есік күндері, жиналыстар мен тренингтер арқылы өзара қолдау жүйесі қалыптасады.

2. Ата-анамен жұмыс түрлері:

- «Әкелер мектебі» жобасы – әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру
- Жас аналармен жеке және топтық кеңес
- Бейімделу кезеңінде педагог-психологпен тығыз байланыс

3. Мектеппен сабақтастық:

- «Бастауышпен көпір» жобасы аясында баланың мектепке психологиялық және танымдық дайындығы
- Мектеп мұғалімімен кездесу, дайындық сабақтарын өткізу

4. Шығармашылық бағыттағы серіктестік:

- Би үйірмелер арқылы баланың өз-өзіне сенімділігін дамыту

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Матенова Айнұр баяндама жасады. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Қазіргі қоғамда бала тәрбиесі тек ананың ғана емес, әкенің де белсенді қатысуын талап етеді. Алайда өмірлік қарбалас пен әлеуметтік бейқамдық кейбір әкелердің бала тәрбиесіне араласуын әлсіретіп отыр. Осы орайда балабақша мен отбасы арасындағы байланысты күшейтіп, әке рөлін жандандыру үшін «Әкелер мектебі» жобасы өзекті болып отыр.

Жобаның мақсаты:

- Әкелердің бала тәрбиесіндегі белсенділігін арттыру;
- Балабақша мен әке арасындағы ашық байланысты орнату;
- Отбасылық құндылықтарды нығайту.

Міндеттері:

- Әкелерге тәрбиелік семинарлар, тренингтер өткізу;
- Бірлескен ойындар, спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатын

Іс-шаралар үлгісі:

- «Әкеммен бірге» спорттық сайыс
- «Әке – отбасы тірегі» тақырыбындағы дөңгелек үстел
- «Бала тәрбиесіндегі әке тұлғасының маңызы» тренингі
- Ашық есік күндері – әкенің балабақша өміріне қатысуы

Күтілетін нәтиже:

- Әкелердің бала өміріне белсене араласуы;
- Баланың бойында жауапкершілік пен сенімділіктің қалыптасуы;
- Отбасылық ынтымақтастықтың артуы.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Аппасова Толқын баяндама жасады.

Бүгінгі қоғамда жас аналар саны артып келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінде тәжірибесіз, сенімсіздік пен қорқыныш сезімдеріне жиі ұшырайды. Сондықтан баланың дұрыс дамуы мен ананың ата-аналық рөлге бейімделуі үшін арнайы әлеуметтік-педагогикалық қолдау қажет.Негізгі ескерілетін жайттар:

1. Сенімді қарым-қатынас орнату: Жас аналармен жұмыста ең алдымен жылы, ашық қарым-қатынас орнату маңызды. Оларға тыңдау, түсіну, қолдау көрсету — басты шарт.

2. Ата-аналық жауапкершілік жайында ақпараттандыру:
Аналарға баланың жас ерекшеліктері, психологиялық дамуы, күн тәртібі, тамақтануы мен қауіпсіздігі туралы кеңестер беру қажет.

3. Тәжірибелік қолдау:
– Тәрбиеге байланысты жағдаяттарды бірге талдау

– Ойын, даму жаттығуларын көрсету
– Үйде өткізетін пайдалы іс-әрекеттерді ұсыну
4. Психологиялық қолдау:
Кей аналар босанғаннан кейінгі күйзеліс (депрессия) кезеңінен өтеді. Мұндай жағдайда арнайы психолог маманмен жұмыс жүргізу маңызды.
5. Топтық жұмыстар:
– «Жас ана мектебі» клубы
– Тренингтер, семинарлар, пікірлесу алаңдары
– Тәжірибелі аналармен кездесу ұйымдастыру.Жас аналарға бағыт-бағдар беріп, олардың бойындағы сенімді арттырып, дұрыс тәрбие тәсілдерін меңгерту — баланың толыққанды дамуына тікелей әсер етеді. Мұндай жұмыс тәрбиеші мен отбасы арасындағы тығыз серіктестікке жол ашады.
Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші Елеусізова Жансая баяндама жасады.

Мектепке дейінгі білім мен бастауыш білім арасындағы сабақтастық — білім берудің үздіксіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз ететін маңызды бағыт. «Бастауышпен көпір» жобасы осы сабақтастықты сақтап, бала үшін мектепке өтудің жеңіл әрі табиғи процесін қалыптастыруға бағытталған.
Бөбекжай мен бастауыш сынып арасында тығыз байланыс орнату арқылы баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік және танымдық жағынан дайын болуына жағдай жасау.
Негізгі бағыттар:
1. Психологиялық дайындық:
– Мектеп өмірімен алдын ала таныстыру
– Мұғаліммен кездесу, сыныппен танысу
– «Мен – болашақ оқушымын» тақырыбында әңгіме, ойын, сурет салу
2. Танымдық және оқу дағдыларын дамыту:
– Баланың зейіні, есте сақтау қабілеті мен логикасын дамытуға арналған тапсырмалар
– Дыбыстармен, сандармен жұмыс
– Мектепке дейінгі білім мазмұнын бастауышпен үйлестіру
3. Мектеппен бірлескен іс-шаралар:
– Ашық сабақтар мен экскурсиялар
– Бірлескен мерекелер мен көрмелер
– Мектеп мұғалімімен және ата-аналармен дөңгелек үстел, жиналыстар
- Баланың мектепке сенімділікпен баруы
- Әлеуметтік ортаға тез бейімделуі
Ата-ана, бөбекжай, мектеп арасында ынтымақтастықтың орнауы
«Бастауышпен көпір» жобасы — мектепалды топтар мен бастауыш сынып арасындағы білім мен тәрбие байланысын қамтамасыз ететін тиімді құрал.

Бұл жоба арқылы балада жағымды мотивация, сенімділік, мектепке деген қызығушылық қалыптасады.

Бесінші мәселе бойынша Абенова Гулзира баяндама жасады.

Мектепке дейінгі кезең — баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен қабілеттерінің қарқынды дамитын шағы. Бұл кезеңде баланың бойындағы түрлі қабілеттерді (ақыл-ой, шығармашылық, музыкалық, қимыл-қозғалыс, тілдік, т.б.) уақытылы байқап, дамыту үшін балабақша мен ата-ана арасында өзара тығыз серіктестік қажет.Баланың жеке қабілетін дамыту барысында ата-анамен бірлесе жұмыс атқарып, біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыру. Ынтымақтастық бағыттары:1. Ақпараттық қолдау:

– Ата-аналарға баланың даму ерекшеліктері мен қабілеттерін анықтау жолдары туралы ақпарат беру

– Кеңестер, жадынамалар, семинарлар өткізу.

Шешімдер:

- Барлық бағыттағы жобаларға ата-аналарды белсенді тарту
- «Әкелер мектебі» аясында нақты іс-шаралар жоспарын жасау
- Мектеппен байланыс орнатып, бейімделу бойынша кездесулер өткізу
- Жалпыға ортақ ата-аналармен бірлескен жұмыс жалғастырылсын

Педкеңес төрайымы: _____ **А.Е.Ембергенова**

Педкеңес хатшы: _____ **Берікқызы З.**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша
Педагогикалық кеңес
хаттамасы №4

19 мамыр 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: А.Ембергенова- меңгеруші
Педкеңес хатшысы: А.Матенова- тәрбиеші
Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»
Мақсаты:Педагогикалық ұжымның негізгі міндеттерді іске асыруының тиімділігін анықтау;
- барлық жас топтарындағы білім беру жұмысындағы проблемаларды анықтау және талдау;
- келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу;
- жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде

1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. 2024/ 20 25 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2024/-2025 оқу жылындағы жұмысты талдау.
3. Балалардың даму мониторингін талдау.
4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі.
5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2024/2025 оқу жылындағы қызметінің есептері.
6. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасын анықтау.
7. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылындағы жұмысты талдау және нәтижелілік есебі
– Білім беру бағдарламалары толық көлемде жүзеге асырылды;
– Балаларда жас ерекшеліктеріне сай негізгі құзыреттіліктер қалыптасты (тілдік, танымдық, шығармашылық, қозғалыс дағдылары);
– Сабақтарда жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын технологиялары қолданылды.
2. Ата-анамен жұмыс: – Жоспарлы ата-аналар жиналыстары, сауалнамалар, тренингтер, бірлескен іс-шаралар өткізілді;

– Ата-аналар белсенділігі артты, балалармен бірлесе әрекетке жиі қатыса бастады.

3. Педагог кадрлар жұмысы:

– Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі артты, курс, семинарларға қатысу деңгейі жоғарылады;

– Жас мамандарға тәлімгерлік жұмысы ұйымдастырылды.

4. Тәрбие мен даму нәтижелері:

– Тәртіп, дағды, тілдік және қарым-қатынас дағдылары жақсарды;

– Балалардың көпшілігі мектепке дайындық деңгейіне жетті.

2024–2025 оқу жылындағы жұмысты талдау. Мықты тұстары:

– Ұйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілді;

– Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында сенімді байланыс орнады;

– Балалардың шығармашылығы мен белсенділігі артты.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Берікқызы Зинат баяндап берді.Мониторинг мақсаты: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес даму деңгейін анықтау, олардың құзыреттіліктерінің қалыптасу дәрежесін бақылау және тәрбие-білім беру үдерісін тиімді жоспарлау.

II. Мониторинг бағыттары:

1. Қарым-қатынас және тіл дамыту
2. Танымдық даму
3. Әлеуметтік-жеке даму
4. Сөйлеу және коммуникативтік дағдылар
5. Қозғалыс (моторика) және дене дамуы
6. Шығармашылық даму (музыка, сурет, би, құрастыру)

III. Талдау нәтижелері:

Даму саласы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
Қарым-қатынас	65%	30%	5%
Танымдық даму	60%	35%	5%
Сөйлеу тілі	55%	40%	5%
Әлеуметтік даму	70%	25%	5%
Қозғалыс белсенділігі	75%	20%	5%
Шығармашылық	60%	35%	5%

Талдау қорытындысы:- Балалардың көпшілігі негізгі бағыттар бойынша жақсы нәтиже көрсетуде.

- Қарым-қатынас, дене және әлеуметтік даму салаларында жоғары жетістіктер байқалады.

- Сөйлеу және танымдық даму салаларында кейбір балаларда қиындықтар кездеседі (еркін сөйлеу, сөздік қоры, логикалық ойлау).

Ұсыныстар:1. Сөйлеу және тіл дамыту бойынша ойындар, артикуляциялық жаттығуларды жиі өткізу.
2. Логикалық тапсырмалар, пазлдар, сандық-бейнелік ойындарды көбейту.
3. Ата-анамен жеке жұмыстар жүргізу, үйде қолдау көрсету жолдарын ұсыну.
4. Түзету-дамыту бағытындағы қосымша шаралар (логопед, психологпен жұмыс).
Алтыншы міселе бойынша 1. Тәрбие және білім беру сапасын арттыру
- Жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарын толық енгізу;
- Балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие бағдарламаларын іске асыру;
- Ойын мен шығармашылыққа негізделген әдістемелерді қолдану.
2. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту
- Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салтын насихаттау;
- Дене шынықтыру мен қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Гигиена және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
3. Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуы
- Біліктілікті арттыру курстары мен тренингтер ұйымдастыру;
- Педагогикалық тәжірибені жетілдіру, инновациялық технологияларды енгізу;
- Тәлімгерлік және коучинг жүйесін дамыту.
4. Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту
- Ата-аналарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелеу;
- Бірлескен мерекелік, танымдық іс-шаралар өткізу;
- Үй жағдайында баланы дамытуға арналған әдістемелік материалдар ұсыну.
5. Әлеуметтік-психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру
- Психолог пен дефектологтардың жұмысын ұйымдастыру;
- Балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар;
- Қиын балаларға бағытталған арнайы бағдарламалар енгізу.
6. Материалдық-техникалық база мен инфрақұрылымды дамыту
- Ойын және оқу құралдарын жаңарту;
- Балалардың қауіпсіздігі үшін орта мен жабдықтарды жақсарту;
- Сандық технологияларды пайдалану аясын кеңейту.
7. Қоғамдық серіктестікті дамыту
- Мектептер, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерімен бірлескен жобаларды жүзеге асыру;
- Қоғамдық ұйымдар мен волонтерлік қызметтермен ынтымақтастықты нығайту.Бұл жобалық бағыттар мектепке дейінгі ұйымның 2024-2025 оқу жылындағы жұмысын жүйелеуге және нәтижелілігін арттыруға бағытталған.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі толық тыңдалып тігілсін.
2. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасы толық анықталынып жасалынсын.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Педкеңес төрайымы: _____ **А.Е.Ембергенова**

Педкеңес хатшы: _____ **Берікқызы З.**